

**8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау
(6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Омарова Гульнара
Жолдасовнаның «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып
оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру»
тақырыбындағы диссертациясына
ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p align="center">Бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру мәселесі бүгінгі қоғам талап етіп отырғандай өз бетінше ізденіп, өздігінен білім алуға ұмтылатын тұлғаны тәрбиелеудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.</p> <p>ҚР «Білім туралы» Заңында: «...бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған», – деп көрсетілген. Сондай-ақ бастауыш білім берудің МЖМС-да да коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгерту талабы қойылған. Аталған құжаттар бастауыш білімнің тіл және әдебиет саласында жазу мен оқуға, оқушылардың сөздік қорын дамытуға, жаңа сөздердің мағынасын түсінуіне терең мән берілгенін аңғартады. Жаңартылған білім мазмұны бойынша дайындалған оқу бағдарламаларының ерекшелігі 1-сыныптан бастап әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (суретті кітап, сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мұғалімнің қолдауымен қажетті ақпараттарды табуды басты міндеттер қатарына</p>

			<p>қойып, өзін-өзі дамытушы тұлға тәрбиелеуге бағыттайды. Осы тұрғыдан алғанда, бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру мәселесінің арнайы зерттелуі бірнеше проблеманың шешімін табуға және бүгінгі таңда өзекті екендігін көрсетеді. Сондай-ақ, бастауыш сыныптағы оқыту үдерісінде сөздіктерді пайдалану мәселесі осы кезге дейін арнайы зерттеу нысанына алынбағаны жұмыстың өзектілігін дәлелдей түседі. Г.Ж.Омарованың диссертациялық жұмысының өзекті болумен қатар білім және ғылымды дамытудағы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланысты жұмыс болып табылады.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>Г.Ж.Омарованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Диссертанттың зерттеу барысында алынған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері педагогика ғылымының, соның ішінде бастауыш мектеп педагогикасы мен әдістемесінің дамуына елеулі үлес қосады. <i>Біріншіден,</i> бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы арқылы үлесін қосады және зерттеу жұмысының маңыздылығы ашады; Мұны диссертанттың «білік»,</p>

«бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» ұғымдары мен оның психологиялық-дидактикалық сипатына, оқушыларды сөздіктермен жұмыс істеуге үйрету мәселесінің лингвистикалық аспектілеріне жасаған талдауларынан және соған байланысты ой-тұжырымдарынан көруге болады.

Екіншіден, диссертанттың ғылымға қосқан келесі үлесі – бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындалуында. Модельде оқушылардың сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, бастауыш сынып оқушыларының сөздікті пайдалану білігін қалыптастыру кезеңдері және нәтижесі дәлелді келтірілген. Бұл тұста диссертанттың сөз мағынасын және орындалатын операциялардың ретін анықтайтын жалпылама жоспар құруды орынды ұсынуы арқылы үлесін қосады және оның зерттеу жұмысында **маңыздылығы ашылған;**

Үшіншіден, бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі жасалған. Онда әдістемелік жүйені құраушы компоненттер, оның функциялары айқын көрсетіліп, әрқайсысына түсінік берілген. Оқушылардың сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың инновациялық әдіс-тәсілдері, соның ішінде сөз мағынасын түсіндіру әдістері «Ана тілі» оқулығындағы мәтіндер негізінде нақты мысалдармен көрсетілген. Әдістемелік жүйе компоненттерін нақты көрсетуі арқылы елеулі үлесін қосады және зерттеу жұмысында **маңыздылығы ашылған;**

Төртіншіден, бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың

			әдістемелік кешенінің (бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға арналған: «Бастауыш сынып оқушыларының лингвистикалық сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» атты 16 сағаттық оқу-әдістемелік семинардың бағдарламасы; 1-сыныпқа арналған «Әліппе» оқулығына қосымша «Менің алғашқы сөздігім» атты көмекші құралы; 1-сыныптың «Ана тілі» оқулығына қосымша «Ана тілінің түсіндірме сөздігі» көмекші құралы) жасалуымен зерттеудің практикалық маңыздылығы ашылған және осы арқылы ғылымға елеулі үлесін қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант Г.Ж. Омарованың диссертациялық жұмысы өзі жазу принципін ұстанған. Орындалған жұмыс дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары . Диссертанттың жүргізген жұмыстары оның ғылыми көзқарасы қалыптасқандығы, зерттеу әдістерін меңгергендігі мен автордың диссертацияны жазудағы жеке ғылыми стилінің жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігінің негіздемесі жаңартылған білім мазмұны жағдайында өзін-өзі дамытушы тұлғаға қоғамның әлеуметтік сұранысы мен бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыратын әдістеменің жасалмауы арасындағы және оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытудағы сөздіктермен жұмыстың мүмкіндіктері мен оқушыларда сөздіктерді пайдалану білігінің болмауы арасындағы қарама-қайшылықтарды шешуімен, зерттеудің ғылыми ізденістегі бағытын айқындап, бастауыш сынып оқушыларының сөздікті пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін, құрылымдық-мазмұндық моделін және әдістемесін жасауымен

			негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Диссертацияда зерттеу үдерісінің барлық компоненттері толық қамтылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді, бұл зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы, яғни жалпы құрылымы мен қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, диссертацияда қойылған мақсат-міндеттерді шешуге арналған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор ұсынған жаңа шешімдер (бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, негізгі түсініктерді нақтылау, оның әдістемелік жүйесін жасау, құрылымдық-мазмұндық болмысын моделдеу, тәжірибелік-экспермент нәтижелері) сандық, сапалық және сыни талдау арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Докторант Г.Ж.Омарованың зерттеу жұмысында ұсынған ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Бірінші ғылыми нәтижесі - жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда «білік», «сөздіктерді

			<p>пайдалану білігі», «бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» ұғымдары мен түсініктерінің нақтылануы және сөздіктермен жұмыс істеуге үйрету мәселесінің лингвистикалық аспектілерін лексикографиялық тұрғыда анықталуы, әдіснамалық негіздерін айқындауда жүйелік-мазмұндық, іс-әрекеттік, синергетикалық, кешенділік, мәндік тұғырлардың басшылыққа алынуы-толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Екінші ғылыми нәтижесі – бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Үшінші ғылыми нәтиже ретінде бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыруды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандыратын әдістемелік жүйе құру және оны жүзеге асыру толығымен жаңа деп санаймыз.</p> <p>Төртінші ғылыми нәтиже бойынша бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемелік кешені жасалып, оның тәжірибеге ендірілуі толығымен жаңа болып табылады.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Г.Ж.Омарованың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен толығымен жаңа болып саналады. Диссертацияның қорытындыларын келесідей ұсынамыз:</p>	

		<p>-<i>бірінші қорытынды</i> жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы бойынша педагогикалық-психологиялық, лексикографиялық тұрғыдан зерттеу оған берілген анықтамалар мен тұжырымдарды жүйеге келтіріп, жан-жақты сипаттама беруге және ғылыми-теориялық мәселелерге тұжырым жасау және жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыруда жүйелік-мазмұндық, іс-әрекеттік, синергетикалық, кешенділік, мәндік әдіснамалық тұғырлары басшылыққа алынуы толығымен жаңа;</p> <p>-<i>екінші қорытынды</i> бойынша докторант зерттеудің бірізділік және жүйелілік логикасын сақтай отырып, жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынады. Ұсынылған модель толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>-<i>үшінші қорытынды</i> ретінде диссертант жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін ұсынып, жүйенің құрылымы мен мазмұнына сипаттама беруі толығымен жаңа болып саналады.</p> <p>-<i>төртінші қорытынды</i> бойынша жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемесі толығымен жаңа болып табылады.</p>	
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75%</p>	<p>Диссертант ұсынған бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру жұмысының ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Ол</p>

		жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен , ғылыми жарияланымдармен расталады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Докторант Г.Ж.Омарованың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға ұсынылған төрт қағидатты айтуға болады: 1) оқушылардың сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыруда негізгі ұғымдардың түсініктердің мәнін психологиялық, педагогикалық, лексикографиялық тұрғыдан талдау негізінде нақтылау. оның ішкі мазмұндық құрылымын анықтау жаңартылған білім мазмұны жағдайында оқушылардың сөздікпен жұмыс істеу білігінің сапалы қалыптасуына кепіл бола алатыны дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және бұл докторанттың келесі мақалаларында дәлелденген.</p> <p>- «Бастауыш сынып оқушыларын сөздіктермен жұмыс істеуге үйрету мәселесінің лингвистикалық аспектілері» (Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №6/2 2020. -Б. 454-461);</p> <p>- «Бастауыш сынып оқушыларының дереккөздермен жұмыс істеу білігін қалыптастыру мәселесі» («Білім және ғылымдағы инновациялар» Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы, 2017. 21-22 қараша. 534-537 б.);</p> <p>-«Бастауыш сынып оқушыларының дереккөздермен жұмыс істеу білігін қалыптастыру – жаңа бағыт». («Үздіксіз пед. білім беру мәселелері: дәстүр және инновациялар» Еуразиялық пед-лық университеттер қауымдастығының халықаралық</p>

			<p>форумының материалдары. – Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ. 4 қазан, 2018.181-186 б.);</p> <p>- Formation of skills to work with sources in primary school students. Журнал «Espacios» (Venezuela), (в базе Scopus), 2018. –V. 39.-Iss. 38. -10 p.</p> <p>2) Бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, негізделген, тривиалды емес, бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыруда қолданылу деңгейі кең және келесі мақалаларда дәлелденген:</p> <p>-«Бастауыш сынып оқушыларының сөздікпен жұмыс істеу білігінің құрылымдық-мазмұндық болмысы» («Педагогика және психология» журналы, Абай атындағы ҚазҰПУ, №2, 2019. 13-21 б.);</p> <p>-«Формирование “ у учащихся начальных классов умений пользоваться словарями» (Педагогика и психология. Научно-методический журнал. 2(43) 2020. -С.159-169.)аттымақаласында дәлелденген.</p> <p>3) бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі біліктің әр құрамдас бөліктерінің өзіндік даму ерекшеліктерін ескере отырып, кезең-кезеңмен жүреді. Лексикографиялық құзыреттілік пен сөйлеу құзыреттіліктерінің дамуы біртұтас үдерісте біріктіріледі. Лингвистикалық сөздіктерді жүйелі түрде пайдалану коммуникативтік-танымдық мәселені тез шешу білігін қалыптастыруға, өзін-өзі дамытуына мүмкіндік туғызатыны дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең, келесі мақалаларда дәлелденген:</p> <p>- Formation of school student’s vocabulary skills through innovative technologies.World Journal on</p>
--	--	--	---

Educational Technology: Current Issues,13(4), 1088–1101.Oct 31, 2021/doi.org/10.18844/wjet.v13i4.6310.

- Оқылым әрекетінде сөздікпен жұмысты ұйымдастыру ерекшеліктері. (Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №2/1 2020. -Б. 183-188).

-Тіл дамытудағы сөздік жұмысының рөлі. III. Uluslararası Abay Kunanbayoğlu Kazak tarihi, kültürü ve edebiyatı kongresi. Antalya. 20-23 mart 2019.– Б. 82-92.

4) сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемесі (әдістемелік жүйесі): бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға арналған «Бастауыш сынып оқушыларының лингвистикалық сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» атты 16 сағаттық оқу-әдістемелік семинардың бағдарламасы; 1-сыныпқа арналған «Әліппе» оқулығына қосымша «Менің алғашқы сөздігім» атты көмекші құралы; 1-сыныптың «Ана тілі» оқулығына қосымша «Ана тілінің түсіндірме сөздігі» көмекші құралы дайындалды және тәжірибеге ендіріліп, оның тиімділігі тәжірибелік эксперимент жүзінде тексерілген, дәлелденген. **жаңа және ауқымы кең, тривиалды емес,** келесі мақалаларда **дәлелденген.**

- «Менің алғашқы сөздігім» Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған. Алматы: Атамұра, 2021. – 71 бет. (Қосалқы автор: Жұмабаева Ә.Е.).

-Сөздіктерді пайдалануда бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу әрекетін дамыту мүмкіндіктері. «Молодой ученый» Международный научный журнал. г. Казань, № 18 (256.1) – май 2019. С. 12-13.

- Бастауыш сыныпта «Менің алғашқы сөздігім» көмекші құралын пайдаланудың маңызы. «Молодой ученый» Международный научный журнал. г. Казань, № 14 (409) – апрель 2022. С. 349-350.

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Докторант Г.Ж.Омарованың диссертациялық жұмысындағы материалдар дәйектілік ұстанымына және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Зерттеу жұмысында жүйелік-мазмұндық, іс-әрекеттік, синергетикалық, кешенділік, мәнділік тұғырлары мен теория мен практиканың бірлігі, вариативтілік, семантикалық, градуалдылық, герменевтикалық ұстанымдар нақты жазылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Зерттеу нәтижелері өңделіп, мәліметтерді смарт арт графикалауда компьютерлік бағдарламаларды пайдаланған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Теориялық тұжырымдар Алматы қаласындағы №168 мектеп-гимназиясы және №148 мектеп-гимназиясы пилоттық мектептерінде жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыстарымен дәлелденген. Сынаққа қатысқан оқушылар саны – 117, оның ішінде эксперименттік топта 59, бақылау тобында 58 оқушы. Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері он динамиканы көрсетеді. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық ғылыми нәтижелердің мазмұны халықаралық конференцияларда және басқа да ғылыми басылымдарда жарияланған. Зерттеу нәтижелері бойынша 16 ғылыми жұмыс жарияланған, соның ішінде Scopus деректер базасында индекстелетін ғылыми журналдарда -1, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒСБК) ұсынған ғылыми басылымдарда -5, алыс шетел басылымдарында -3, жақын шетел

			<p>басылымдарында – 2, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар еңбектерінде -2, республикалық журналдарда -1 мақала жарияланған. Сонымен қатар 2 оқу-әдістемелік құрал жарық көрген, оның бірі (көмекші оқу құралы) ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсынуымен жарыққа шыққан.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыруға қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектер, ҚР нормативтік-құқықтық құжаттар, алыс-жақын шет елдік ғылыми еңбектер, оқулықтар, энциклопедиялар, оқу-әдістемелік құралдар, сөздікпен жұмыс бойынша әдістемелік нұсқаулықтар, Scopus деректер қорына енетін журналдар, ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған материалдарға сілтеме жасау арқылы <u>расталған</u>.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>. Барлығы қажетті деп танылатын және сенімді дереккөздер саны 200 әдебиетті құрайды.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u>; 2) жок</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық негіздеуде «білік», «сөздікпайдалану білігі», «бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» ұғымдары мен түсінігі нақтыланып, психологиялық-дидактикалық сипаты берілген. - бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың лингвистикалық аспектілері лексикографиялық тұрғыда анықталған; - зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары айқындалған;


		<p>–бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері бойынша анықталған.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u>; 2) жок</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңыздылығы бар: бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемелік кешені: «Бастауыш сынып оқушыларының лингвистикалық сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» атты 16 сағаттық оқу-әдістемелік семинар бағдарламасы; 1-сыныпқа арналған «Әліппе» оқулығына қосымша «Менің алғашқы сөздігім» атты көмекші құралы; 1-сыныптың «Ана тілі» оқулығына қосымша «Ана тілінің түсіндірме сөздігі» көмекші құралы жасалды. Алынған практикалық нәтижелерді жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш білім беру үдерісінде қолдану мүмкіндігі жоғары.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңаболыптабылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар: 1.Зерттеу жұмысының негізінде дайындалған «Бастауыш сынып оқушыларының лингвистикалық сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» атты 16 сағаттық оқу-әдістемелік семинардың негізгі мазмұны республикалық деңгейде бастауыш сынып мұғалімдерінің қысқа мерзімді біліктілігін арттыру курсына дайындалатын білім беру бағдарламаларының құрамына енгізілсе деп берілген ұсынысы толығымен жаңа. 2. 1-сыныпқа арналған оқу сөздіктерінің жалғасы ретінде 2-4 сыныптарға арналған жүйелі жұмыстар жасалып, бастауыш сыныптар үшін градуалданған оқу сөздіктерін дайындау жолға қойылса деген ұсынысы да толығымен жаңа. 3. ЖОО-дағы бастауыш білім беру бағдарламасы бойынша дайындалған</p>

			<p>дипломдық жоба мен магистрлік диссертациялардың өнімдерінде бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігі мәселесіне байланысты тақырыптар камтылса деген ұсынысы толығымен жаңа.</p> <p>4. бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігі бойынша бастауыш сыныптарда авторлық жобалар, вариативті курстар дайындалып, тәжірибеге ендірілсе дегені ұсынысы толығымен жаңа.</p> <p>Аталған зерттеу нәтижелері осы бағыттағы жаңа зерттеулер жүргізуге негіз бола алады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Академиялық жазу түрі – диссертация. Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және объективті түрде жазылған, ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді жиі қолданыла білген. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса, жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдық категориялар жүйесі жеткілікті жазылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.</p>

Шешім: 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша докторант Омарова Гульнара Жолдасовнаға философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту теориясы мен әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі



М.Ә.Ермекбаев

17.06.2022